



АДАМ ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ ФАКТОР



Тәуелсіз, зайырлы мемлекеттің ең басты капиталы – адам. Адам өмірінің мағыналы да маңызды болмағы оның құқықтарының сақталуымен ерекшеленеді. Азамат құқықтарының қорғалуы әлемге бейбітшілік брендімен танылып отырған Қазақ елі үшін де үлкен сын. Әсіресе, ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен тұста «еліміздегі адам құқықтарының сақталуы қандай, не атқарылды, дамығар тұстары қандай?» деген сауалдар арнайы мекемелердің бірегей тақырыптарына айналды. Осыған орай жақында ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия «2010 жылы ҚР-дағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама даярлады. Осы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төраға болған жылында адам құқықтарының сақталуын арнайы зерделеген материалдар жиынтығы өткен апта соңында ҚазҰУ-да тұсауын кесті.

14 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «2010 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндаманың тұсауы кесіліп, онда

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы Сағынбек Тұрсынов, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астанадағы

орталығы басшысының орынбасары Жаннет Клётцер, Ұлыбританияның Алматы қаласындағы Бас консулы Стивен Хиклинг және комиссия мүшелері Тастемір Әбішев, Виталий Воронов және Герман Нұрбаев, комиссия сарапшылары ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Салтанат Байқошқарова және бір топ ғалымдар мен студенттер қатысты.

Бұл баяндама өз кезегінде Елбасының және Адам құқықтары жөніндегі халықаралық, отандық сарапшылардың оң бағасын алды.

(Жалғасы 2-бетте)

17 қазан күні кезекті ректорат мәжілісі университеттің дамуында ерекше маңызды келісімшарттарға қол қою рәсімімен басталды. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен университет және тарих, археология және этнология факультеті, шығыстану факультеттері арасында, Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы, ҚазҰУ мен шығыстану факультеті, Қазақстан Республикасы криминологиялық қауымдастығы, университет және заң факультеті басшылары әріптестік жөніндегі өзара ұшақтық келісімшарттарға қол қойды.

Алдағы жұмыс жоспары қаралды

ҚР криминология қауымдастығы заң факультетінің 2-курс студенті Елнұр Еренатқа қауымдастық атынан арнайы шәкіртақы тағайындады. Ал Алматы қалалық Ішкі істер департаментінің жедел криминалистік басқарма бастығы Мұхит Сүлейменов заң факультетіне тәлімгерлері тәрбиелеуде аса қажет көрнекілік оқу-криминалистік құрал-жабдықтарын сыйға табыстады.

Осы оқу жылында студенттерге арнайы стипендия тағайындау дәстүрге айналып келеді. Соның жалғасы бүгін де көрініс тапты. Экономика және бизнес жоғары мектебінің ең үздік деп танылған 3-курс студенттері Әйгерім Ожаубаева, Жұлдызай Асқарова, Эльмира Молдаш, Абзал Ерболғановтарға «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» акционерлік қоғамы 100 000 теңге көлемінде арнайы шәкіртақы сертификаттарын табыс етті.

«Эквигас» заң фирмасының Басин Юрий Григорьевич атындағы шәкіртақысы – заң факультетінің 3-курс студенті Арман Каждаровқа, профессор Галирашид Баймурзин атындағы шәкіртақысы – заң факультетінің 1-курс студенті Бауыржан Абдуллаға берілді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚазҰУ РЕКОРДЫ

Қазақтың қыздарын-ай...

Бүгінде шашы ұзын қазақ қыздарын көргенде көңілің жай табады. Қазақ қыздары әрқашанда нәзіктігімен, сыпайылығымен, ізеттілігімен, көркімен ерекшеленген. Ақша жүзі албырап, қыпша белі майысып, шашбаулары сыңғырлап тұрған сәтте еріксіз тәнті боласың.

Осындай сипатқа ие қазақ қыздарының бірі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті – Мөнкебай Енлік Айболатқызы. Ол 1992 жылдың 30 желтоқсанында Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген. 2010 жылы Кеген орта мектебін бітіріп, қазіргі уақытта ҚазҰУ-дың философия және Саясаттану факультетінің 2-курс студенті.

(Жалғасы 4-бетте)

Кітап – әлемдегі ұлы ғажайыптардың бірі

Әр жоғары оқу орнының тарихы мен мәдениеті кітапханамен тығыз байланысты, бұл – оның рухани дамуының маңызды кезендерінің бірі болып табылады. Университет кітапханалары жалпы мәдени, педагогикалық, ақпараттық-ағарту, білім беру және тәрбиелік функцияларды атқарады. Университет кітапханасы – бұл тек рухани байлық сақтаушы ғана емес, сонымен бірге, студенттердің білім алуы үшін белсенді күш болып табылады, оларды тәрбиелеуде және даму жолында алға басуларына жағдай туғызады.

Ғылыми кітапхана әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің рухи мен рухани байлығын, әдет-ғұрпын бейнелейді, оның кәсіби деңгейде дамуы – Қазақстанның алдыңғы қатарлы, жетекші университет екендігін көрсетеді.

(Жалғасы 4-бетте)



15 ҚАЗАН - КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

ДОСТИЖЕНИЯ ■

СОКРАТОВСКАЯ ПРЕМИЯ РЕКТОРУ

Международный Сократовский комитет с участием влиятельных общественных организаций, профессиональных союзов и творческих объединений из 16 стран мира ежегодно проводит награждение выдающихся современников престижными европейскими премиями. Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов номинирован на звание лауреата Сократовской премии в области научной деятельности и технологий, вручаемой на Оксфордском саммите лидеров. Организатором саммита, который пройдет в этом году 10-13 декабря в Оксфорде (Великобритания), выступает Европейская бизнес Ассамблея.

По информации департамента развития программ Европейской бизнес Ассамблеи в странах Восточной Европы и Центральной Азии Галым Мутанов номинирован на премию за личный вклад в углубление интеграции науки, культуры и образования, повышения роли высшей школы во всех сферах человеческой деятельности, интеллектуальное развитие современного общества.

Международная Сократовская премия символизирует наивысшую степень

международного признания достижений в профессиональной сфере. Звание лауреата премии дается по итогам исследования общественного мнения, которое проводится специалистами экспертами Европейской бизнес Ассамблеи. Критериями отбора лауреатов являются: значительный личный вклад в исследования, безупречная общественная репутация, участие в реализации общественных и социальных программ, позитивные отзывы и заслуги перед обществом.



На церемонии награждения представители национальных элит традиционно приветствуют лорд-мэры Оксфорда – Брайн Кин, Боб Прайс, Джим Кэмпбелл, Элиза Бэнджамин, члены Европарламента – Барбара Кудрицка, и Дерек Кларк. Среди приглашенных – дипломаты и политики, руководители торговых палат, бизнесмены и финансисты, ученые и деятели культуры Европы, Азии, Африки и Ближнего Востока.

Соб.корр.

ШАРА ■

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ФАКТОР



(Басы 1-бетте)

Баяндама Ұлыбританияның Қазақстандағы және Қырғызстандағы Елшілігінің, Астанадағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы орталығының техникалық жәрдемімен қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеке таралыммен кітап ретінде басылып шықты.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Сағынбек Тұрсынов: «Біздің мемлекетіміз үшін адам құқығы ең маңызды фактор. Біз халықаралық сарапшылар, комиссия мүшелері осы баяндамалар арқылы кеңесе отырып, тағы қандай ұсыныстар,

міндеттер қажет екендігін, сол негізде жұмыстарды жандандыра түсуді қолға аламыз. Өткен жылдардағы есептерде адам құқықтарының бұзылуы сот үдерістерінде жиі кездесетін болса, 2010 жылы бұл олқылықтың орнына келгенін байқаймыз. Есептегі жылда құқық қорғау органдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану, әкімдердің, биліктің атқарушы және өкілді тармақтары органдары лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану көп кездескен», – деп атап өтті. Ал комиссия сарапшысы Салтанат Байқошқарова «Адам құқығын қорғау барлығымыздың ортақ міндетіміз. Әр салада адам

құқықтарының сақталуы бірізділенсе, жылдан-жылға тек дами түсеміз», – деген пікірімен бөлісті.

Тұсаукесер барысында Комиссия баяндамасында ұлттық заңнаманың салыстырмалы талдауы, мемлекеттік органдар қызметінің бағасы, құқықтық саясат, ұлттық заңнама және құқық қолдану тәжірибесін Қазақстан ратификациялаған адам құқықтары саласындағы халықаралық пактілер мен конвенциялар нормаларына сәйкес одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен нақты іс-шаралар бар екені атап өтілді.

Сөз сөйлегендер Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жылындағы адам құқықтарына берілген бағалармен таныстырды және Президент жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның жүргізген жұмыстарына оң бағаларын берді. Ұлыбританияның Алматы қаласындағы Бас консулы Стивен Хиклинг: «Жалпы адам құқықтары жөніндегі базалық жұмыстар 2007 жылдан бастау алған еді. Біз оны тиянақты жалғастырып келеміз, жалғаса да береді. Ұлыбритания елі Қазақстанды бейбітшілік пен бірліктің, ынтымақтың кепілі деп таниды», – деген ойын жеткізді.

Комиссия баяндамасының ұсыныстарын Укімет пен уәкілетті мемлекеттік органдар біртіндеп іске асыруда.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



Қалқаман Тұрсынұлы – Алматы облысының «Құрметті азаматы»

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қадірлі ұстазы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру саласының Құрметті қызметкері, ҚР ӘҒА және ҚР ҒҒА академигі Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұловқа «Алматы облысының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Маралатты ректорат мәжілісінде облыстық мәслихат хатшысы Ардақ Сыдық арнайы келіп салтанатты түрде табыс етті.

Қ.Т.Жұмағұлов 1948 жылы 1 қаңтарда қазіргі Алматы облысының Арасан елідемекенінде дүниеге келген. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ге түсіп, үздік бітірген соң, ол 40 жыл бойы қара шаңырақты қызмет етіп келеді. Ғалым дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі. Көптеген шетелдік университеттерде дәріс оқыды. Еуропаға танымал, Геттинген университетінің және Талдықорғандағы Жетісу Мемлекеттік

университетінің Құрметті профессоры.Өлкетану мәселелері жөнінде, Жетісу тарихы туралы көп еңбектенген профессор білім, ғылым саласына докторлар мен кандидаттарды даярлауда үлкен үлесін қосқан белгілі тұлға.

Профессор Қалқаман Тұрсынұлын ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессор құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтай отырып, еңбегіне табыс тілейді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!! ■

Артық білім – кітапта

Кітапханашылар күні шеңберінде журналистика факультетінде студенттер маслихатының ұйымдастыруымен кітапханашылар күні аталып өтті. Бұл күні деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Алмагүл Құрманбаева және студенттер маслихатының ұйымдастыруымен кітапханашыларға тосын сый жасалынды. Кітапханашылардың кәсіби мерекесінде құттықтау сөздер айтылып, ұсынылған гүл шоқтары және қазақтың киелі қара домбырасымен орындалған ән мен күй оларды бір тебірітті, жүздеріне қуаныш пен шаттық нұрын сыйлады.

Кітапханашылар күні – бұл төл мереке ғана емес, осы мамандықтың маңыздылығын мойындау. Кітапханашылар халық қазынасы – кітаптың қамқоршысы. Кітап арқылы біз әлемді және өзімізді танып, онсыз білім мен

15 ҚАЗАН - КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ ■

өнердің жаңа шыңдарына шыға алмас едік. Біздің болашағымыз да, жас жеткіншектердің тәрбиесі де, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қалыптасуы да – осы кітаптарды, әнімелерді, ертегілерді оқып өсуінен бастау алады. Сондықтан, біздің жас жеткіншектер компьютер клубтарына барып, ойын ойнамай, кітапханаға барып, кітап оқып уақытын үнемді пайдаланса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Күш – білімде, білім – кітапта». Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Бізге шын дарындылар керек» - десе, сол дарындарды білім нәрімен сусындатып, қанаттандыратын ұстаздар. Ал осы жолда кітаптардың да атқарар міндеті орасан зор. Ендеше, осы кітаптарды халыққа ұсынып, қорғап, толықтырып отыратын кітапханашыларға мың да бір алғыс.

Досжан ҚАЛИЕВ,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Алдағы жұмыс жоспары қаралды

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, Рима Чсараеваның жетекшілігімен қылмыстық мәселелер орталығының шәкіртақысы тағайындалып, ол 2 курс магистранты Лилия Бисенғалиева, Жаликов Қалимолла атындағы шәкіртақы – 2-курс студенті Әлдия Әсемқұлға, Қайыржанов Елеген атындағы шәкіртақы – 4-курс студенті Анастасия Хильманға табыс етілді.

Мәжіліс отырысы марапаттаулардан соң, әдеттегі қаралатын тақырыптарға кезек берді. Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Айжан

Смаилова 27-29 қазан аралығында «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» тақырыбындағы халықаралық семинар-кеңесіне дайындық жөнінде баяндама жасады. Өз баяндамасында семинардың бағдарламасы мен әрбір елден келетін қатысушылар туралы толық мәліметтер мен оларды күтіп алу жөнінде белгіленген жауапты факультеттерді айтып, бүгінге дейін жасалып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Арнайы осы семинарға дайындалған «әл-Фараби» университетінің достар клубы»



төсбелгісінің дизайны таныстырылып, мақұлданған төсбелгі тапсырыспен жасалып жатқандығы белгілі болды.

Сонымен қатар, ректорат отырысы өткен ректор баяндамасында белгіленген тапсырмалар негізінде университеттің ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев баяндамасымен жалғасты. Онда бірінші проректор ректорат мүшелерін оқытушының индикативті жеке жұмыс жоспары жайында дайындаған кестемен жан-жақты таныстырды. Оқу жүйесінде жаңа технологияларды қолдану, оқытудағы мониторинг, ҚазҰУ-ға қабылдау сапасын жақсарту, жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламаларын дамыту және ғылыми-зерттеу деңгейімізді арттырып, заманауи ғылыми инфрақұрылым

құру, әлеуметтік әріптестікті қолға алу және т.б. салада іске асып үлгерген әрі жоспарда жасалуы тиіс нақты істерге толық түсініктеме берілді. Баяндама оқытушы-профессорлар құрамының индикативті жеке жұмыс жоспарында қандай қағидаларды басты назарда ұстап, оның негізге алынатын тұстарын, жұмыстың тиімді де нақты бағыттарын айқындап көрсетті. Сондай-ақ, оқытушы-профессорлық құрам қызметінің рейтингтік жүйесі оқытушының индикативті жеке жұмыс жоспары, факультет пен кафедралардың да дәл осы жоспарының нәтижелі көрсеткіші арқылы белгіленетіндігі туралы айтылды.

Ректорат мәжілісін ғылыми-инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов

28-30 қыркүйек аралығында Женевада болған іссапары туралы есебімен қорытындылады. Онда өзі барып танысып қайтқан ЦЕРН-нің (бөлшектерді жылдамдату жөнінен әлемдегі ең үлкен кешен) қай уақытта құрылғаны, қызметі, мақсаты, жұмыс құрамы туралы жеткізді. «Стратегиялық және ағымдағы басты мақсаттардың бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Гумилев атындағы ЕҰУ атынан ҚР Білім және ғылым министрлігінің атына бірлескен ұсыныс беріп, ЦЕРН мен министрлік арасында келісімшарт жасасуға мұрындық болу қажеттігі алдымызға мақсат болып тұр» дейді проректор. Бұдан өзге Тілекқабыл Рамазановтың іссапарының ҚазҰУ-ға тиімді тұстары жіктеліп айтылды. Сонымен бірге осы жылы Жоғары энергиялық физика және бөлшектерді жылдамдатуға халықаралық жаздық мектепке ҚазҰУ-дың 9 студенті (магистранттар 1-курс: Исадықов Айдос, Жансейітов Данияр, Валиолда Динара, Дүйсембаев Дәулет, Блынский Петр, 5-курс студенттері: Насрулла Маржан, Чупраков Игорь, Тоқсаба Жанайдар Дауылбаев Шыңғыс) қатысып қайтқандығы туралы да ақпарат берілді. Мұндай екіжақты байланыстар алдағы уақытта зерттеу бағытына ойысқалы отырған ҚазҰУ үшін тиімді бола бермек. Ректорат мүшелері отырыс соңында осындай қорытындыға келді.

Еңлік АҚЖИПТ



СОЦИУМ

ЭНДАУМЕНТ, ЧТО МЫ О НЕМ ЗНАЕМ?

В Казахстане университетский эндаумент явление новое, это социально значимое начинание только получает развитие. Государственная казна любой страны не безгранична, а в условиях мирового экономического кризиса древнее выражение «да не оскудеет рука дающего» приобретает определенную актуальность.

Эндаумент (англ. endowment) - это целевой фонд, предназначенный для использования в некоммерческих целях, как правило, для финансирования организаций образования, медицины и культуры, который формируется преимущественно за счет взносов меценатов. Эндаумент призван обеспечить независимость от разовых пожертвований и иных добровольных поступлений, финансовую стабильность посредством получения гарантированного дохода, формирования долгосрочного источника финансирования определенной некоммерческой деятельности.

Отличием эндаумента от обычных благотворительных фондов является строго целевой характер поддержки какой-либо организации, например, университета. Такой фонд может инвестировать свои средства с целью извлечения дохода, однако при этом вся прибыль направляется в пользу тех организаций, в поддержку которых он был создан.

Эндаумент-фонды впервые возникли в США и осуществляли негосударственную поддержку образовательных

учреждений. Например, в настоящее время эндаумент Гарвардского университета составляет более 34 млрд. долларов, Йельского - 12,7, Принстонского и Стэнфордского - свыше 10 млрд. каждый.

Общеизвестен мировой опыт «хуацяо» - выходцев из Поднебесной, щедро помогающих своему Отечеству. За счет средств патриотов-эмигрантов учебные заведения КНР приглашают зарубежных профессоров, обучают студентов в ведущих вузах мира, создают новые лаборатории, реализуют научные проекты.

Эндаумент-фонды есть у российских вузов, являясь действенным механизмом взаимодействия бизнеса и вузовской науки, развития инноваций и образования. Взносы меценатов в них исчисляются миллионами долларов США. Созданный в марте 2007 года эндаумент-фонд развития МГИМО стал первым в России, через год его капитал составил 375 млн. рублей.

Зачастую фонды создаются и поддерживаются выпускниками вузов. Так, например, по инициативе выпускников-бизнесменов был образован

фонд Новосибирского государственного университета, который развивает инновационные проекты вуза.

Лица и компании, сделавшие крупные пожертвования вузам получают имиджевые дивиденды и позиционируются как социально ответственные в обществе, а университеты стремятся увековечить их вклад в своей истории. За рубежом такой вид деятельности является общепринятой нормой. Многие лауреаты престижных государственных и международных премий жертвуют полностью или часть вузам, которые окончили, или в которых работают.

Думается, добившиеся в жизни финансового успеха выпускники отечественных вузов, в том числе и КазНУ им. аль-Фараби, могут показать достойный пример духовной и финансовой щедрости. В нашем университете сложилась прекрасная традиция устраивать встречи сокурсников по поводу очередного «-цатилетия» выпуска. Может быть, есть смысл подкрепить их целевой благотворительностью? В этом смысле эндаумент - действенный и проверенный временем механизм.

Гюльнар МУКАНОВА,
директор центра
стратегического
анализа и
прогнозирования

ФОРУМ



Международная школа передового опыта

С 27 по 29 октября текущего года в КазНУ пройдет Международный форум «Формирование исследовательских университетов и их роль в инновационном развитии Республики Казахстан», посвященный 20-летию независимости страны. Организаторами мероприятия являются Министерство образования и науки РК, КазНУ им. аль-Фараби, Казахский национальный мониторинговый комитет IGIP и Казахское общество инженерного образования KazSEE, Национальная инженерная академия РК.

Зарубежный опыт формирования и развития исследовательских университетов, академической мобильности студентов и преподавателей, инновационной деятельности, коммерциализации научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок ученых станут главными темами обсуждения на форуме.

«Это своего рода международная школа передового опыта», - считает директор департамента международного сотрудничества Айжан Смаилова. Для нашего университета в свете его трансформации в исследовательский вуз это мероприятие имеет огромное значение. Опыт ведущих университетов мира для нас очень важен и полезен».

В работе форума примут участие более 70 ученых и видных деятелей высшего образования из 25 стран мира, а также представители международных организаций IGIP, IFEES, SEFI, COPEC. Многие из них в период с 24 октября по 5 ноября выступят с лекциями перед преподавателями и студентами университета. Кроме того, с участием зарубежных гостей планируется создать международный клуб «Друзья КазНУ им. аль-Фараби», работа которого будет направлена на продвижение университета в глобальном научно-образовательном пространстве.

Соб. корр.



Кітап – әлемдегі ұлы ғажайыптардың бірі

(Басы 1-бетте)

ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасы Қазақстан республикасындағы ең ірі жоғары оқу орны кітапханаларының бірі, Ғылыми кітапхананың қоры – оның білім беру, оқу және ғылыми зерттеу жұмыстарындағы алатын орны мен маңызының зор екендігіне дәлел. Студенттер мен магистранттар, докторанттар, оқытушы-ұстаздар құрамы және ғылыми қызметкерлер қажетті оқулықтарды, ғылыми көркем және анықтамалық энциклопедиялық әдебиеттерді кеңінен пайдалана алады, реферат, курстық, дипломдық және ғылыми жұмыстар жазуда Ғылыми кітапханадан кәсіби кеңес те алады. Бүгінге дейін кітапхананың компьютерлік паркінде компьютерлер, оның ішінде, пайдалану үшін интернет желісіне, университеттің локальды желісіне қосылған машина, сканерлер, принтерлер, көшіру аппараттары бар. Пайдаланушылар үшін – мерзімді басылмалар мақалаларының электрондық картотекасы: «Оқытушы-ұстаздар еңбектері», «ҚазҰУ тарихы», «Мақалалардың



электронды картотекасы», қазақ және орыс тілдеріндегі толық мәтінді мәліметтер қоры: «Қазақстан тарихы», «Параграф», «Заң» сонымен бірге, басқа кітапханалардың толық мәтінді қойылған ресурстарын пайдалана алады.

Оқырмандар кітапханалық-библиографиялық үдерістердің автоматтандырылған кітапхананың «КАБИС» жүйесін қолданады. Ғылыми кітапхананың электронды нұсқасы университет сайтында ұсынылған. Ғылыми кітапхананың қоры электронды каталогпен бірге, дәстүрлі алфавиттік, жүйелі каталогтарда, қағаз күйінде тасымалдаушыларда да көрсетілген. Йордан делегациясы сыйға тартқан, түптелуі ерекше,

араб тіліндегі Құран мен XIX ғ. шығарылымы, Финляндияда басылған Інжіл, Христиан-баптистер сыйға тартқан, пішіні мен мазмұны айрықша, өте кішкентай кітаптар да бар.

Кітапханасыз білім алу да мүмкін емес, өйткені кітап – оқып, білім алудың басты құралы болып табылады. Әр студенттің білім әлеміне жолы – кітапханадан басталады және өмір бойы кітаппен бірге жалғасады. Студент кітапханада ғана өмірге жолдама алады. Егер ол жақсы маман болғысы келсе, ол кітап әлеміне енуі керек. Ғалымдардың, ғылым докторларының еңбек жолдарында да кітапхананың рөлі баға жетпес. Осы жолда өзінің құрылу кезеңінен бастап,

ҚазҰУ-да қорғалған авторефераттар, диссертациялар қорын айтуға болады.

Университет өміріндегі кітапхананың бүгінгі орны мен рөлі, онда өтіп жатқан бірде-бір іс-шаралар (конференциялар, халықаралық кездесулер, семинарлар, мерейтойлар т.б.) Ғылыми кітапхананың қатысуынсыз, оның кітаптарының өтпейді. ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасы тек университетке ғана сыйлы, құрметті емес, сонымен бірге республикалық әріптес кітапханалар арасында да үлкен беделге ие. Ол Қазақстан кітапханаларының ақпараттық консорциумының да мүшесі болып табылады. ҚазҰУ ғылыми кітапханасы шетел аймақтарымен де шығармашылық байланыста.

15 қазан – кітапханашылар күні мерекесімен Ғылыми кітапхана ұжымын ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессор құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтай отырып, ұжымға береке, дендеріңізге саулық, бастарыңызға бақыт, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейді.

Еңлік АҚЖІГІТ



ҚАЗҰУ РЕКОРДЫ

Қазақтың қыздарын-ай...

(Басы 1-бетте)

Еңлік бала кезінен өзінің зеректігімен, білімге деген ерекше құштарлығымен, өнерге деген сүйіспеншілігімен көзге түскен. Ол би билегенді, белгілі ақындардың өлеңін оқығанды, шығармашылықпен айналысқанды ұнатады.

Еңліктің басты ерекшелігі – қарасаң көз тоймайтын, көздің жауын алатын, ұзындығы 135 см-ге жететін қолаң бұрымында. Қаншама жылдар бойы мұндай нәтижеге жетудің сырын сұрағанымда, Еңлік: «Мен 5 жасынан бастап, бүгінгі күнге дейін 13 жыл бойы аса көңіл бөліп, ерекше күтіммен және тәзіммен қарадым. Бұрымды қыз атану – менің бала кезімнен бергі арманым. Сол арманның жетегінде жүріп, уақыттың қалай өте шыққанын байқамай да қалдым. «Рапунцель» мультфильмін көрген боларсыздар, сондағы бас кейіпкер Рапунцельдің бұрымының ұзындығы мені таңғалдырды, содан менің қызығушылығым арта түсті. Менің бұрымды өсіруге себепкер болған, септігін тигізген жан – ол менің анам.

Шашты ұзақ жылдар бойы өсіру үшін шыдамдылық пен сабырлық ауадай қажет. Бұрым – қыздың сұлулығын айқындайтын, оған көрік беретін негізгі сұлулық символы. Сондықтан қыздарға айтарым, ерекшеленуді ойласаңыздар, бұрымды болуға тырысып, шаштың сұлулығын, табиғи қалпын сақтап қалыңыздар».

Сонау атам заманнан бері келе жатқан үрдіс қазіргі таңда жалғасын тапқаны қуантарлық жағдай, әрине. Қазақ қыздарының көркі – бұрымы десек те қателеспейміз. Еңлік секілді бұрымды қыздар саны көбейе берсін деген тілектеміз.

Әжікеева ҚЫМБАТ,
философия және саясаттану
факультетінің 2 курс студенті

Қазақ тілінің көсегесін жастар көгертеді

Бүгінгі студент – келешек маман. Тәуелсіз елімізден озық мемлекет қалыптастырып, оны әлемдік деңгейде алға жылжыту жастарға жүктелер үлкен жауапкершілік. Бұл орайда студент тек маманданып қана қоймай, кәсібилік пен ұлттық мүддені байланыстыра білу қажет. Ұлттық мүдденің ең ұлығы ана тілін терең меңгеріп, құрметтей білумен ерекшеленеді. Елбасы өз жолдауында Қазақстан тұрғындарына қазақ тілін меңгерудің сапасын арттыруды талап етіп отырған тұста сол талап үдесінен шығуды оңтайландыруда жастар да қалыс қалмауы қажет. Осы бағытта бүгін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жастардың рухани орталығында қоғамдағы мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты арнайы алқасөз өтті. Басқосуға студенттермен қатар, «Алаш үні», «Мемлекеттік тіл ҚҚ», «Ұлт тағдыры», «Аллажар» секілді бір топ қоғамдық ұйым өкілдері мен «Руханият» партиясының басшылары қатысты.



Қоғамдағы қазақ тілінің саяси функциясын арттыруымыз керек», - дейді студенттермен қазақ тілінің құдіретін бөлісе келген жазушы-журналист Бейбіт Қойшыбаев. Сонымен қатар ол ана тілінің құдіретін арттыра түсу үшін күнделікті қолданыста қазақша тілдесіп, ана тілінде тіл қатысуға үндеді. Ал жазушы, академик, қоғам қайраткері Молдағали Матқан: «Қазақ халқында ешбір ұлтта жоқ ұлылық бар. Біздер, әсіресе мына отырған жастар сол ұлылықты айналымға енгізіп, ұлттың ұлылығын ұлықтай білу – міндет. Сонда әр қазақтың баласы көсем, хан болатыны сөзсіз. Ұлт болмаса маманның да қажеті жоқ», - деп пікір білдіріп, студенттер бір жақты маманданып қоймай ұлт болашағы үшін зиялылықтың маңызын түсінуге, ұлт зиялысы болып қалыптасуға бүгіннен шақырды. Академиктің айтуынша, XXI ғасырда қазақ жастары үшін асылдандыруды қолға алу қажет. Сонда ұлттық мүдде де, ана тілі де, ұлттық құндылықтар да өз дәрежесінде биіктей түспек. Сонымен

қатар ұлттық мүддеге басымдылық берілсе, мәдениеті мен әлеуеті дамып отырған қазақ ұлтының тілінің де аясы кеңейіп, елдік егемендіктің болмысы жараса түспек.

Пікір алмасу түрінде өткен басқосу «Мемлекеттік тіл – этностарды ұйыстырушы фактор» және «Қазақ бренді: ұлтаралық татулық» деген өзекті тақырыптар төңірегінде сөз қозғалды. Онда қазіргі қоғамда қалыптасып отырған «ұлттық ұйымдардың жұмысы нәсілдік, ұлттық, этностық қорлау мәселелеріне қарай бағытталған» деген жаңсақ пікірдің қисынсыз екендігі туралы айтылды. Қоғамдық ұйым мүшелері «Біз әрқашан да республикамызда орыс тілінің және барлық этнос тілдерінің, салт-санасының, рухани құндылықтарының салтанат құруын, өркен жаюын қалаймыз. Сол ықпалымыз, талабымыз ешқашан өзгеріске түспек емес. Ал осы жолда мемлекеттік тіл бәрімізді біріктіретін дара күшке айналуы керек» деген пікірді алға тартып, қоғамда қалыптасқан ахуалдың ретсіз екендігін жеткізді. Өзге ұлт өкілдерінің есебінен мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру біздің ешқандай мақсатымызға сәйкес келмейді дейді олар.

Өз кезегінде Жастардың рухани орталығында ине шаншар жер қалдырмайлық тола келген студенттер қоғамдық ұйым өкілдеріне ризашылықтарын айтып, бүгінгі кездесу арқылы бойларындағы ұлттық рухын арттырып, қазақы болмысын серпілткендіктерін жеткізді. Жиын соңы сұрақ-жауап түрінде бүгінгі қоғамдағы болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты одан әрі жалғасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10623

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.